

**8D11361- Тасымалдауды, қозғалысты ұйымдастыру және көлік пайдалану» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне алу үшін ұсынылған Бекмагамбетова Лаура Калмахановнаның «Қазақстан қалаларында қоғамдық көлікті дамыту концепциясының ғылыми-практикалық негіздері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің ШҚІРІ**

Р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және /немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және /немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) <u>Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)</u> 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми – техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)	Диссертациялық жұмыстың тақырыбы ғылымды дамыту келесі басым бағыттары мен мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес келеді: Қазақстан Республикасының ғылымын дамытудың 2022 – 2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы; өңірлерді дамытудың 2020 - 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 990 қаулысы.
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады /қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған /ашылмаған.	Диссертациялық жұмыстың нәтижелері ғылымға елеулі үлесін қосады деп санауға болады. Зерттеу жұмысында қоғамдық көліктерінің желісін ұйымдастырудың ғылыми негіздемесі келтіріліп бірінші рет тасымалдаушылардың қоғамдық көлік желілері үшін жолаушылар ағының құрылымын ескеріп автобустардың тиімді модельдерінің ұтымды санын анықтау әдісі ұсынылған. Жұмыстың маңыздылығы орындау барысында толық

			ашылған және қоғамдық жолаушылар көлігінің жұмысын тиімді ұйымдастыруда үлесі бар деп есептеуге болады. Зерттеу тақырыбының және жұмыс нәтижелерінің маңыздылығы жақсы ашылып жазылған.
3.	Тәуелсіздік принципі	Тәуелсіздік деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.	Л.К.Бекмагамбетованың диссертациялық жұмысы дербес және практикалық және ғылыми маңызы бар зерттеу болып табылады, диссертация авторының ғылымға қосқан жеке үлесін көрсетеді. Жұмыста қоғамдық жолаушылар көлік түрлерін таңдау, яғни автобустардың оңтайлы моделін таңдаудың жаңа тәсілі ұсынылған.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Жолаушыларға көліктік қызмет көрсету саласындағы қоғамдық көліктің пайдалану тиімділігінің артуының тұрақсыз үрдісі байқалады, дегенмен олардың маңызы қазіргі уақытта Қазақстанның қалаларында айтарлықтай маңызды болып қалуда. Қалыптасқан жолаушылар ағынын игеру үшін қажетті көлік құралдарының санын айқындау, сондай-ақ жұмыстың оңтайлы нысанын, кесте немесе интервал бойынша таңдау қызметтің маңызды бөлігі болып табылады және қазіргі уақытта бұл қызметтің тиімділігін арттыру маңыздылығы осы диссертацияның тақырыбының өзектілігін негіздейді.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындауы: 1) айқындайды; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды.	Диссертация мазмұны зерттеу жұмыстың тақырыбын айқындайды. Диссертацияның мақсаты мен міндеттері тақырыбына сәйкес келеді. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы толық логикалық байланысқан.
		4.3 Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкестігі: 1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді;	Зерттеу жұмысының мақсаты қоғамдық көлікті дамыту концепцияның ғылыми-практикалық негіздемесін даярлау болып табылады. Зерттеу міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді. Диссертацияда қоғамдық көліктерінің желісін ұйымдастырудың және қоғамдық көлік жүйесін басқарудың ғылыми-экономикалық негіздемелері келтірілген және қоғамдық көлігін дамыту концепциясын жасау жолы берілген. Бұл диссертацияның тақырыбына сәйкес келеді.

		<p>4.4 Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысы:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <u>толық байланысқан</u>;</li> <li>2) жартылай байланысқан;</li> <li>3) байланыс жоқ.</li> </ol>	<p>Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы толық логикалық байланысқан. Әрбір бөлімде қорғауға шығарылған тұжырымдамалар дәлелденген.</p> <p>Жұмыста қарастырылған мәселелер диссертациялық жұмыстың бөлімдерін оңтайлы көлік моделін таңдау арқылы, ғылыми негіздемелерімен, даярланған концепциясымен айқындайды.</p>
		<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <u>сини талдау бар</u>;</li> <li>2) талдау жартылай жүргізілген;</li> <li>3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген</li> </ol>	<p>Диссертацияда ұсынылған жолаушыларды тасымалдау бойынша көлік қызметтерінің сапасын бағалау әдістемесі және қалалық қоғамдық көлігін дамытуға арналған концепциясының алгоритмі жолаушылар қоғамдық көлігімен тұрақты тасымалдауды ұйымдастырудың тиімділігін арттыруға мүмкіндік беретін жаңа шешімдері беріліп, сини талдаумен дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған.</p>
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <u>толығымен жаңа</u>;</li> <li>2) жартылай жаңа ( 25-75% жаңалығы);</li> <li>3) жаңа емес (25% аз жаңалығы болып табылады)</li> </ol>	<p>Докторанттың ұсынған ғылыми нәтижелер мен қағидаттары қоғамдық көліктің жұмыс сапасын жоғарлатуда және қоғамдық көлікті дамытуында толығымен жаңа деп айтуға болады. Зерттеу жұмысының нәтижелері ЛжКА "Тасымалдауды ұйымдастыру және көлікті пайдалану" және "Днепр политехникасы" ГТУ "Көліктегі басқару" (Днепр қ., Украина) кафедраларының ғылыми семинарларында, отырыстарында қарастырылған.</p>
		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <u>толығымен жаңа</u>;</li> <li>2) жартылай жаңа ( 25-75% жаңалығы);</li> <li>3) жаңа емес (25% аз жаңалығы болып табылады)</li> </ol>	<p>Диссертация қорытындылары толығымен жаңа болып табылады.</p>
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <u>толығымен жаңа</u>;</li> <li>2) жартылай жаңа ( 25-75% жаңа болып табылады);</li> </ol>	<p>Диссертациядағы шешімдер толығымен жаңа деп санауға болады. Зерттеу нәтижелері бойынша 31 тамыз 2022 жылда кәсіпорынға енгізу актісімен расталған, сонымен қатар 25.06.2021 жылғы №19016, 08.07.2021 жылғы № 19247 және 10.11.2021 жылғы № 21607 авторлық куәліктермен заңдастырылған.</p>

		3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	
6	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген	Диссертацияның барлық негізгі қорытындылар ғылыми дәлелдеулікпен негізделген.
7	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ма?</p> <p>1) <u>дәлелденді</u>;</p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиальды ма?</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) жоқ;</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) жоқ;</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) <u>кең</u>;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) тар.</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген ба?</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) жоқ.</p>	<p>7.1 Қорғауға ұсынылған негізгі қағидаттар эксперименталды түрде дәлелденді және орындалған теориялық және эксперименттердің нәтижелерімен расталған.</p> <p>7.2 Бұл диссертациялық жұмыс тривиальды элементтер жоқ, себебі зерттеу жұмысы жаңа теориялық және ғылыми шешімдерді қамтиды.</p> <p>7.3 Қорғауға ұсынылған қағида жаңа болып табылады, өйткені диссертация тақырыбы бойынша бұрын мұндай ережелер мен зерттеу нәтижелері әдебиет көздерінде мұндай жаңалықтар көрсетілмеген.</p> <p>7.4. Қорғауға ұсынылған негізгі ережелер қолданудың кең деңгейін көрсетеді.</p> <p>7.5 Диссертациялық жұмыс негізінде ғылыми еңбектер жарияланған.</p>
8	Дәйектілік принцип Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	<p>8.1 Әдістеменің таңдауы – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) жоқ;</p>	Диссертацияда мақсатқа жету және қойылған міндеттерді шешу үшін ғылыми және ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді талдау, математика, жүйелік талдау, графф теориясы, ықтималдықтар теориясы, математикалық статистика және сондай-ақ

		компьютерлік және эксперименталды модельдеу әдістері қолданылды.
	8.2.Диссертациялық жұмыстың нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) <u>ия</u> ; 2) жоқ;	Диссертациялық жұмыстың нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдана отырып, ғылыми зерттеулердің заманауи әдістерімен және деректерді өңдеу арқылы алынған.
	8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) <u>ия</u> ; 2) жоқ;	Диссертациялық жұмыстың қорытындылары, әзірленген алгоритмдер және жолаушылар ағынының құрылымы автобус түріне әсер ететіні анықталған заңдылықтар эксперименттік зерттеулер жүргізу арқылы дәлелденген және расталған.
	8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған/ расталмаған	Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған.
	8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз	Пайдаланылған әдебиет тізімі қарастырылған салаға әдеби шолуға жеткілікті деп айтуға болады.

9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) <u>ия</u> ; 2) жоқ;	Диссертациялық жұмыстың маңыздылығы қалалық қоғамдық автокөліктер жүйесінің және облыс орталықтарындағы қоғамдық көліктерінің ерекшеліктері қарастырылып, қоғамдық автокөліктер қызметтерін жетілдіру тұжырымдамасы мен қалалық қоғамдық автокөліктер қызметтерін дамыту жобасы беріліп, қоғамдық жолаушылар көлігімен тұрақты тасымалдауды тиімді ұйымдастыру бойынша теориялық және практикалық ұсыныстарды әзірлеуден тұрады.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) <u>ия</u> ; 2) жоқ;	Диссертацияда әзірленген әдістемелер мен практикалық негіздемелер және қоғамдық көлікті дамыту концепцияны даярлау алгоритмі қоғамдық көлікпен халыққа көліктік қызмет көрсетуді ұйымдастыруды жетілдіруге мүмкіндік беретіні сөзсіз.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) <u>толығымен</u> ; 2) жартылай жаңа ( 25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертациялық жұмыстың зерттеу нәтижелері 6В11367-М.Тынышпаев атындағы ҚазККА "Жол қозғалысын ұйымдастыру" мамандығының студенттері үшін "Жол қозғалысын ұйымдастыру" пәнінің зертханалық жұмыстарды орындауға арналғаны 04.09.2019 жылғы №5156 авторлық куәлікпен расталған. Жүргізілген ғылыми зерттеудің негізгі нәтижелері Алматы қаласындағы "Алматыэлектротранс" ЖШС-не енгізілген.
10	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы 1) <u>жоғары</u> ; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Диссертациялық жұмысты академиялық жазу сапасы сауатты ғылыми-техникалық тілде жазылған.

### Қорытынды

Диссертациялық жұмыс қойылған барлық талаптарды толық қанағаттандырады. Жұмысқа келесідей ескерту беруге болады:

диссертацияда зерттеу тақырыбына сәйкес келетін шетелдік авторлардың әдебиеттеріне жеткілікті шолу жасалды, бірақ отандық авторлардың нәтижелеріне шолу жеткіліксіз орындалды.

Бірақ бұл ескерту жұмыстың ғылыми құндылығын төмендетпейді.

«Қазақстан қалаларында қоғамдық көлікті дамыту концепциясының ғылыми-практикалық негіздері» тақырыбына орындалған диссертация аяқталған ғылыми зерттеу болып табылады, ал диссертант Бекмагамбетова Лаура Калмахановна 8D11361- «Тасымалдауды, қозғалысты ұйымдастыру және көлік пайдалану» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ҚР ҒЖБМ, Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетіне ұсынуға лайық деп есептеймін.

**Ташкент мемлекеттік көлік университеті**  
«Көлік-жүк жүйелері» кафедрасының профессоры, т.ғ.д.



Д.И. Илесалиев	imzosini
tasdiqlayman "27" ol	2023 yil
Toshkent Davlat Transport Universiteti	
<i>[Handwritten signature]</i>	